JOURNAL OF THE NATIONAL CONGRESS OF HISTORIANS
ISSN: 3105-0042. eISSN: 3105-0050

NATIONAL HISTORY – ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ

Ғылыми мақала / Research Article
МРНТИ / IRSTI 11.15.89

https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.3.20.35

The participation of Kazakhs in the Siberian regional congresses in 1917

K. Akanov✉
Research Institute for Jochi Ulus Studies, Astana, Kazakhstan
✉*gazizuly85@mail.ru*

Abstract. This article examines an important period in the history of interaction between Siberian regionalists and the leaders of the Alash movement – the participation of Kazakh delegates in the First Siberian Regional Congress (6-17 October 1917) and in the Extraordinary All-Siberian Regional Congress (7-15 December 1917). Particular attention is paid to the development of contacts between representatives of the Kazakh national intelligentsia and the Siberian regionalist movement, which had emerged as early as the pre-revolutionary period on the basis of academic, socio-political and cultural cooperation. The study is based on materials from the State Archive of the Tomsk Region (GATO), published collections of archival documents, periodicals, and the works of Kazakhstani and foreign researchers. The study employs general scientific, historical-comparative, and historical-dynamic methods, as well as methods for the analysis and systematization of archival materials. The study analyses the main areas of interaction between the parties: the need for mutual political recognition, the coordination of the powers of government bodies, issues concerning the territorial and political status of Alash, military cooperation, and the joint struggle against Bolshevik forces. A shared political vision regarding the need for a federal structure in Russia, territorial self-government, and the expansion of autonomous rights laid the groundwork for cooperation. The significant importance lay in the personal contacts between Alash leaders and prominent representatives of the Siberian regionalist movement. By introducing new archival sources into academic discourse, the author clarifies the demographic composition, biographical details, socio-professional profile, and political orientations of the Kazakh representatives. At the October Congress, 10 Kazakh delegates represented a broad spectrum of socio-political organisations. Despite differences in party affiliations (ranging from the Cadets and Socialist Revolutionaries to supporters of the 'Alash' Party), the delegates demonstrated a unified stance on key regional issues. The Kazakh delegates actively participated in the work of the Presidium and in the sections dealing with the drafting of the constitution and the formation of governing bodies (the Siberian Regional Council and Committee). In their speeches, A. Bukeikhanov and R. Marsekov put forward the idea of a federal structure for the Russian Republic, the consolidation of the Kazakh regions into a single economic sub-region, and temporary membership of the Siberian Autonomy, whilst strictly observing the right of small nations to national self-determination. At the December Congress, the number of Kazakhs present was reduced to four delegates due to the parallel holding of the Second All-Kazakh Congress in Orenburg; this, however, did not prevent the maintenance of organisational links and the election of A. Yermekov to the executive bodies of Siberia. At the same time, fundamental contradictions emerged between the parties, primarily regarding the nature of autonomy. The Siberian government refused to recognise Alash as a national-territorial state, restricting its autonomous rights to an ethno-cultural framework. Despite the union remaining unfulfilled, the participation of Kazakh delegates at the congresses in Tomsk was a significant episode in the history of the Kazakh and Siberian autonomy movements.
Keywords: archives; Siberian autonomy; Alash autonomy; Siberian regional congresses; Kazakh–Siberian cooperation; revolution; national self-determination

© K. Akanov, 2026

For citation: Akanov K. The participation of Kazakhs in the Siberian regional congresses in 1917. *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.7, no.3, pp.20-35. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.3.20.35

Участие казахов в сибирских областных съездах в 1917 году

К. Аканов

Научный институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается важный период из истории взаимодействия сибирских областников и лидеров движения Алаш – участие казахских делегатов в Первом Сибирском областном съезде (6-17 октября 1917 г.) и в Чрезвычайном Общесибирском областном съезде (7-15 декабря 1917 г.). Особое внимание уделяется формированию контактов между представителями казахской национальной интеллигенции и сибирского областничества, возникших еще в дореволюционный период на основе научного, общественно-политического и культурного сотрудничества. Исследование основано на материалах Государственного архива Томской области (ГАТО), опубликованных в сборниках архивных документов, периодической печати, а также трудах казахстанских и зарубежных исследователей. В работе применяются общенаучный, историко-сравнительный и историко-динамический методы, а также методы анализа и систематизации архивных материалов. Анализируются основные направления взаимодействия сторон: необходимость взаимного политического признания, согласование полномочий органов власти, вопросы территориально-политического статуса Алаш, военное сотрудничество и совместная борьба против большевистских сил. Общность политических представлений о необходимости федеративного устройства России, территориального самоуправления и расширения автономных прав, которые создавали предпосылки для сотрудничества. Существенное значение имели личные контакты деятелей Алаш с видными представителями сибирского областничества. Вводя в научный оборот новые архивные источники, автор уточняет количественный состав, анкетные данные, социально-профессиональный профиль и политические ориентации казахских представителей. На Октябрьском съезде 10 казахских делегатов представляли широкую палитру общественно-политических организаций. Несмотря на различие партийных предпочтений (от кадетов и эсеров до сторонников партии «Алаш»), делегаты проявили консолидированную позицию по ключевым региональным проблемам. Казахские делегаты активно участвовали в работе президиума, в секциях по выработке конституции и формировании органов власти (Сибирского областного совета и комитета). В выступлениях А. Букейханова и Р. Марсекова аргументировалась идея федеративного устройства Российской Республики, консолидации казахских областей в единый хозяйственный подрайон и временного вхождения в Сибирскую автономию при строгом соблюдении права малых народов на национальное самоопределение. На Декабрьском съезде присутствие казахов сократилось до 4 делегатов из-за параллельного проведения II Всеказахского съезда в Оренбурге, что, однако, не помешало поддержать организационные связи и избрание А. Ермекова в исполнительные органы Сибири. Вместе с тем выявлены принципиальные противоречия между сторонами, прежде всего по вопросу характера автономии. Сибирское правительство не соглашалось признавать Алаш национально-территориальной государственностью, ограничивая автономные права этнокультурной формой. Несмотря на незавершенность союза, участие казахских делегатов на съездах в Томске были важным эпизодом истории казахского и сибирского автономистских движений.

Ключевые слова: архивы, сибирская автономия, автономия Алаш, сибирские областные съезды, казахско-сибирское сотрудничество, революция, национальное самоопределение

1917 жылғы Сібір облыстық съездеріне қазақтардың қатысуы

Қ. Ақанов
Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

Андатпа. Мақалада Сібір облыстық қозғалысының өкілдері мен Алаш қозғалысы жетекшілері арасындағы өзара ықпалдастық тарихының маңызды кезеңі, яғни қазақ делегаттарының Бірінші Сібір облыстық съезіне (1917 жылғы 6-17 қазан) және Төтенше Жалпы Сібір облыстық съезіне (1917 жылғы 7-15 желтоқсан) қатысуы қарастырылады. Революцияға дейінгі кезеңнің өзінде ғылыми, қоғамдық-саяси және мәдени ынтымақтастық негізінде қалыптасқан қазақ ұлт зиялыларының өкілдері мен Сібір облыстық қозғалысы қайраткерлері арасындағы байланыстарға ерекше назар аударылады. Зерттеу Томск облысының мемлекеттік архиві (ТОМА) материалдарына, жарияланған архив құжаттарының жинақтарына, мерзімді баспасөз материалдарына, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне негізделген. Жұмыста жалпы ғылыми, тарихи-салыстырмалы және тарихи-динамикалық әдістермен қатар архив материалдарын талдау және жүйелеу тәсілдері қолданылды. Тараптар арасындағы өзара ықпалдастықтың негізгі мына бағыттары талданады: бір-бірін саяси тұрғыдан мойындау қажеттілігі, билік органдарының өкілеттіктерін келісу, Алаштың аумақтық-саяси мәртебесі, әскери ынтымақтастық және большевиктік күштерге қарсы бірлескен күрес мәселелері. Ресейдің федеративтік құрылымын қалыптастыру, аумақтық өзін-өзі басқаруды дамыту және автономиялы құқықтарды кеңейту қажеттігі жөніндегі саяси ұстанымдардың ортақтығы екі тараптың ынтымақтастығына негіз қалады. Алаш қайраткерлерінің Сібір облыстық қозғалысының көрнекті өкілдерімен орнатқан жеке байланыстары да маңызды рөл атқарды. Ғылыми айналымға жаңа архив деректерін енгізу арқылы автор съезге қатысқан қазақ өкілдерінің сандық құрамын, сауалнамалық мәліметтерін, әлеуметтік-кәсіби сипатын және саяси ұстанымдарын нақтылайды. Қазан айындағы съезде әртүрлі қоғамдық-саяси ұйымдардың атынан он қазақ делегаты қатысты. Партиялық ұстанымдарының әркелкілігіне қарамастан, яғни кадеттер мен эсерлерден бастап «Алаш» партиясын қолдаушыларға дейінгі делегаттар өңір үшін маңызды негізгі мәселелер бойынша ортақ ұстаным танытты. Қазақ делегаттары съез төралқасының жұмысына, конституция жобасын әзірлеу секцияларына және билік органдарын (Сібір облыстық кеңесі мен комитетін) қалыптастыру ісіне белсенді қатысты. Ә. Бөкейхан мен Р. Мәрсековтің сөздерінде Ресей Республикасын федеративтік негізде құру, қазақ облыстарын біртұтас шаруашылық шағын ауданға біріктіру және аз халықтардың ұлттық өзін-өзі билеу құқығы қатаң сақталған жағдайда Сібір автономиясының құрамына уақытша ену идеялары негізделді. Желтоқсан съезіне қатысқан қазақ делегаттарының саны Орынборда II Жалпықазақ съезінің қатар өтуіне байланысты төрт адамға дейін азайды. Соған қарамастан, ұйымдық байланыстар жалғасын тауып, Ә. Ермеков Сібірдің атқарушы органдарының құрамына сайланды. Сонымен бірге тараптар арасында, ең алдымен, автономияның сипатына қатысты түбегейлі қайшылықтардың болғаны анықталды. Сібір үкіметі Алашты ұлттық-аумақтық мемлекеттік құрылым ретінде мойындауға келіспей, оның автономиялық құқықтарын

этномәдени автономия шеңберімен шектеуге ұмтылды. Ынтымақтастық толыққанды саяси одақ деңгейіне жетпегеніне қарамастан, қазақ делегаттарының Томскідегі съездерге қатысуы қазақ және Сібір автономиясы жолындағы қозғалыстар тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі болды.
Түйін сөздер: архивтер; Сібір автономиясы; Алаш автономиясы; Сібір облыстық съезі; қазақ-сібір ынтымақтастығы; революция, ұлттық өзін-өзі анықтау.

Сілтеме жасау үшін: Аканов К. 1917 жылғы Сібір облыстық съездеріне қазақтардың қатысуы. *Journal of the National Congress of Historians.* 2026. Vol.7, no.3, pp.20-35. https://doi.org/10.65076/3105-0042.2026.3.20.35

Кіріспе

1917 жылғы Ақпан және Қазан революциялары Ресейдегі империялық басқару жүйесінің тоқтауына алып келіп, империя құрамындағы халықтардың ұлттық зиялыларына жаңа мемлекеттік құрылымдар, автономиялар құруға және мемлекеттік басқарудың жаңа үлгілерін қалыптастыруға жол ашты. Осындай «мемлекеттік құрылымдардың» қатарына Алаш пен Сібір автономиясын жатқызуға болады. Олардың жетекшілері өзіндік аймақтық құрылымы мен өзін-өзі басқару жүйесі бар ұлттық автономиялар құруға ұмтылды.

Ресей империясы тұсында Сібір мен қазақ жерлері бір мемлекеттің құрамында болғандықтан, екі өңір арасындағы өзара ықпалдастықтың жаңа бағыты қалыптаса бастады. Бұл қазақ және Сібір зиялылары арасындағы байланыстардан көрініс тапты. Олардың қатарында саяси өмірге бірлесіп қатысу, жеке достық қарым-қатынастар орнату және өзге де байланыс түрлері болды. Мұндай байланыстар империяның соңғы кезеңінде, соның ішінде 1917 жылғы революциялық оқиғалар тұсында да үздіксіз жалғасты.

Қазақ ұлттық Алаш қозғалысының жетекшілері Ә. Бөкейхан, Ж. Ақпаев, Ә. Ермеков, Р. Мәрсеков, Ә. Сейітов, Ә. Тұрлыбаев және басқалар Сібір қалаларына жиі барып, жергілікті облыстық өзін-өзі басқару органдарының мәжілістеріне белсенді қатысты. Олардың көпшілігі Ресейдің оқу орындарында, соның ішінде Семей, Омбы, Томск және басқа да қалаларда білім алды. Көп жағдайда олардың еңбек жолы, кәсіби қалыптасуы мен қоғамдық-саяси қызметінің алғашқы кезеңі де осы өңірлермен байланысты болды.

Өз кезегінде Сібір қайраткерлері де қазақтармен тығыз байланыс орнатуға ұмтылды. Бұған қазақ даласына бірнеше рет ғылыми экспедиция жасап, жергілікті зиялылар мен қарапайым халық арасында зор беделге ие болған Г.Н. Потаниннің қызметі айқын мысал бола алады. Оның Ш.Ш. Уәлиханов, Ә.Н. Бөкейхан, Ә.Ә. Ермеков сияқты көрнекті қазақ қайраткерлерімен достық қарым-қатынасы осы байланыстың нақты көрінісі еді. Г.Н. Потанин өз еңбектерінде қазақ зиялыларымен тығыз қарым-қатынаста болғанын жиі атап көрсетіп, көшпелі халықтың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, фольклорын, қазақ зиялыларының ғылыми еңбектерін және олардың орыс авторларының зерттеулеріне қатысты пікірлерін жақсы білетінін танытты. Сонымен қатар Потанин ресейлік ғалымдарға көшпелі тұрмысқа қатысты түрлі мәселелерді зерттеген еңбектерінде қазақ әріптестерінің жарияланымдарын кеңінен пайдалануды белсенді түрде ұсынды (Письма Г.Н. Потанина 1987: 48-52; Потанин 1990:107).

Материалдар мен әдістер

Қазақ делегаттарының Сібір облыстық қозғалысының автономияшыл өкілдері өткізген съездерге қатысуы туралы мәліметтер сақталған құжаттар Томск облысының мемлекеттік архивінің (ТОМА) мына қорларында жинақталған: Р-552 «Бірінші Сібір облыстық съезі» (1917 жылғы 8-17 қазан), Р-576 «Төтенше Жалпы Сібір облыстық съезі» (1917 жылғы 7-15 желтоқсан). Зерттеу әдіснамасы бірқатар қағидаттар мен әдістерге негізделді. Солардың бірі – тарихилық қағидаты. Бұл қағидат зерттеліп отырған құжаттардағы мәліметтерді тиісті тарихи кезеңнің нақты жағдайларымен сабақтастыра қарастыруға мүмкіндік берді.

Архив құжаттарымен жұмыс барысында ақпаратты жинау және тіркеу, жүйелеу және ретке келтіру, талдау мен жинақтау, сақтау, іздеу және өңдеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар құжаттарға тарихи-динамикалық талдау жүргізілді.

Әдеби шолу

Қазіргі уақытта қазақ делегаттарының Сібір облыстық қозғалысының автономияшыл өкілдері съездеріне қатысу мәселесі бойынша белгілі бір тарихнамалық қор қалыптасты. Қазақстандық зерттеушілердің С. Аққұлы, Р.Ж. Байдалы, З.Е. Қабылдинов, К.Ч. Құдайбергенов, М.П. Малышева, Е.Б. Сыдықов және басқа да ғалымдардың еңбектері мен мақалаларын атап өтуге болады (Аккулы 2016; Аккулы 2017; Байдалы и др. 2017; Кабульдинов, Байдалы 2017; Кудайбергенов 2019; Сыдыков, Малышева 2010).

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде негізінен қазақ делегациясының мақсат-мүдделері мен саяси ұстанымдары, сондай-ақ олардың съез жұмысына қатысу нәтижелері қарастырылады. Е.Б. Сыдықов пен М.П. Малышева Томскіде өткен Қазан съезіне қатысқан Ә.Н. Бөкейханның (съез құжаттарында – АН. Букейхан) және Ә.Ә. Ермековтің негізгі мақсаттарының бірі Сібір облыстық қозғалысының рухани жетекшісі Г.Н. Потанинге «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын таныстыру болғанын атап көрсетеді. Потаниннің бұл жобаны қолдауы кейін екі қазақ қайраткерінің де Бірінші Сібір облыстық съезі төралқасының құрамына сайлануына ықпал етті. Г.Н. Потанин «Алаш» бағдарламасына деген қолдауын газетте жарияланған мақаласында да білдіріп, оның негізгі ұстанымдарына оң көзқарасын атап көрсетті. (Сыдыков, Малышева 2010: 47).

З.Е. Қабылдинов пен Р.Ж. Байдалы Қазан айында өткен Сібір облыстық съезіне қатысқан Е. Итпаев пен Ә. Тұрлыбаев туралы бірқатар маңызды мәліметтер келтіреді (Кабульдинов, Байдалы 2017). Ә.Ә. Айтмұхамбетов, Е.К. Наурызбаева, З.Е. Қабылдинов және Р.Ж. Байдалы бірлесіп жазған мақалада Қазан съезінде ұлттық өзін-өзі басқару, жер мәселесі, Сібірдің жалпымемлекеттік және экономикалық құрылымы жөніндегі мәселелердің талқыланғаны көрсетіледі (Байдалы және т.б. 2017). С. Аққұлының монографиясында Ә.Н. Бөкейханның Томск облыстық съезінде сөйлеген сөздері мен форум қорытындысы бойынша жарияланған мақаласындағы негізгі тұжырымдары талданады. (Аккулы 2016: 372 – 379, 456-458).

2018-2019 жылдары К.Ч. Құдайбергенов Томск облысының мемлекеттік архивінен өзі анықтаған, Алаш қайраткерлерінің Сібірдің саяси және әскери тұлғаларымен байланыстарына қатысты материалдар негізінде құжаттар жинақтарын жариялады. 2019

жылы жарық көрген жинақта Алаш қозғалысы жетекшілерінің 1917 жылғы қазанда өткен Бірінші Сібір облыстық съезіне қатысуы және олардың съезде сөйлеген сөздерінің мазмұны жөнінде құнды мәліметтер берілген (Кудайбергенов 2019a; Кудайбергенов 2019b). Дегенмен, бұл құжаттарға талдау оның кіріспе мақаласында тек ішінара ғана жүргізілді; онда Сібір автономиясы құрамындағы далалық аймақтардың мәртебесін үйлестіру, сондай-ақ ортақ бюджетті қалыптастыру және оған жекелеген аймақтардың қосатын үлестеріне қатысты қазақстандық делегаттардың кейбір сөздеріне қысқаша шолу жасалған болатын.

Осылайша, қазақстандық авторлардың еңбектерінен зерттеушілердің назарын, ең алдымен, қазақ халқының жекелеген өкілдерінің автономиялық Сібірдің билік органдарына сайлануы, олардың отандастары алдында есеп беруі, сондай-ақ қазақ делегаттарының съезге қатысу себептерін анықтау мен сөйлеген сөздерін талдау мәселелері аударғанын байқауға болады. Алайда қазақ делегаттарының нақты саны, олардың саяси көзқарастары, сөйлеген сөздеріне съездің ресейлік және сібірлік қатысушыларының берген бағасы, съез жұмысының нәтижелері және басқа да бірқатар мәселелер әлі де толық анықталмаған.

Осы жағдай бізді Ресей тарихнамасына жүгінуге жетелейді. Оған шолуды И.В. Намның мақаласынан бастауға болады. Зерттеуші Ә.Н. Бөкейханның қазақтардың ұлттық өзін-өзі анықтау мәселесіне айрықша мән бергенін атап көрсетеді. Сонымен қатар қазақ делегаттарының бірі Р. Мәрсековтің ұстанымы да қарастырылған. Оның пікірінше, барлық облыстардың өкілдері қатысатын және кең көлемде өзін-өзі басқару құқығына ие Сібір парламенті құрылуға тиіс еді (Нам 2004: 51). Зерттеушінің монографиясында Сібір қайраткерлері мен «Алаш» қозғалысына қатысушылардың автономия құру және өзін-өзі басқару құқығына қол жеткізу үдерісіндегі өзара қарым-қатынастары қарастырылады. Сонымен қатар Сібір форумдарында ұлттық мәселе, сол кезеңдегі терминологиямен айтқанда, «бұратана халықтар» мәселесі төңірегіндегі пікірлер мен ұстанымдар талданады. Бұл мәселені «Сібір автономиясына қол жеткізумен» қатар шешу көзделген (Нам 2009: 175-184).

В.А. Ламин мен М.В. Шиловский съездің өткен мерзімін (1917 жылғы 6-17 қазан) нақтылап, оған қатысқан 9 делегаттың аты-жөні, жасы, ұлты, партиялық ұстанымы, оларды жіберген ұйым, білім деңгейі мен кәсібі туралы сауалнамалық мәліметтер келтіреді. Зерттеушілер барлық делегаттардың Сібір автономиясын және Ресейдің федеративтік республикалық құрылымын қолдағанын, сондай-ақ оның жекелеген аймақтарына «ұлттық немесе аумақтық» автономия беру қажеттігін жақтағанын атап көрсетеді. Сонымен қатар қазақ делегаттарының кейін өткен Төтенше Сібір облыстық съезіне қатысуы қарастырылып, олардың сауалнамалық деректері де беріледі (Ламин, Шиловский 2012: 178-181).

Қазақ өкілдерінің Қазан айындағы облыстық съездегі ұстанымын Д.А. Аманжолова жан-жақты қарастырады. Зерттеушінің атап көрсетуінше, съез өткен кезде екі саяси күш те: Алаш қозғалысы да, Сібір облыстық қозғалысының өкілдері де өз автономияларын жариялауға әлі дайын болмаған. Сондықтан болашақта Ресей федеративтік негізде қайта құрылған жағдайда қазақ аумақтарының автономиялық Сібір құрамына ену мүмкіндігі де қарастырылған. Зерттеуші Ә. Ермеков пен Ә. Бөкейханның сөздерін талдай отырып, Сібірді дербес аймақ ретінде автономияландыру және оны федеративтік Ресей

құрамында дамыту идеясын қолдаған ұстанымдарды айқындайды. Ә. Ермеков Сібір өз аумағында өмір сүретін барлық халықтардың мұң-мұқтажын олардың өз тілінде жеткізе білуге тиіс екенін мәлімдеген. Ал Ә. Бөкейхан Сібірдегі әртүрлі этностардың өзара ықпалдастығы қажет деген пікірді ұстана отырып, олармен бірге ұлттық өзін-өзі анықтау құқығына қол жеткізуді көздеген. Сонымен қатар ол қазақ аудандарын олардың «шаруашылық ерекшеліктеріне» қарай Сібір автономиясы құрамында аумақтық тұрғыдан біріктіру қажеттігін атап көрсеткен (Аманжолова 2016: 32-33).

Осылайша, бірқатар аралық қорытынды жасауға болады. Ресейлік тарихнамада съезге қатысушылардың Сібір автономиясын құру идеясын қолдаудағы ортақ ұстанымын айқындауға басымдық беріледі. Алайда ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде Сібірдегі қазақ халқы атынан съезге қатысқан делегаттардың саны мен олардың партиялық тиесілігіне қатысты мәліметтер бір-біріне сәйкес келе бермейді. Қазақстандық зерттеушілердің назары негізінен қазақ делегаттарының Томск форумына қатысу себептерін анықтауға және олардың басты мақсаты – қазақтардың ұлттық өзін-өзі анықтау құқығына қол жеткізу жолдарын айқындауға бағытталған. Сонымен бірге екі елдің зерттеушілері еңбектерінде әлі де толық анықталмаған бірқатар маңызды мәселелер бар. Олардың қатарына қазақ делегаттарының Томскіде өткен съездердегі рөлін айқындау, олардың нақты санын анықтау, қазақтардың Сібір облыстық қозғалысы өкілдерінің форумдарына қатысуына қатысты материалдар сақталған архив істерін анықтау, сондай-ақ бұған дейін зерттеушілер еңбектерінде қарастырылмаған сөздер мен баяндамаларды талдау жатады.

Нәтижелер

Бірінші Сібір мұсылмандары съезіне Томск, Алтай, Енисей және Иркутск губернияларының, сондай-ақ Амур, Семей, Ақмола және Забайкалье облыстарының мұсылман қауымдарының өкілдері қатысты. Зерттеушілердің көрсетуінше, мұсылмандар съезінің өткізілу мерзімі 8 қазанда осы жерде жұмысын бастаған Бірінші Сібір облыстық съезімен әдейі сәйкестендірілген. Мұндағы мақсат – мұсылман делегаттарының екі форумның да жұмысына қатысуына мүмкіндік беру және олардың облыстық съезге өз жиындарында алдын ала қабылданған ортақ шешіммен баруын қамтамасыз ету еді. Съезде мәдени-ұлттық автономия, діни өмір, ұлттық ұйымдарды біріктіру және Сібір автономиясына қатысты ұстаным мәселелерін қарастыру жоспарланды. Съез төралқасының құрметті төрағасы болып Г.Н. Потанин сайланды (Нам 2009: 130-131).

Сібір қайраткерлері мен қазақ өкілдерінің ынтымақтастығы Бірінші Сібір облыстық съезінде одан әрі ауқымды сипат алып, өкілдік құрамы жағынан да кеңейді. Зерттеушілердің көрсетуінше, бұл съездің оған қатысқан Алаш қозғалысы қайраткерлері үшін маңызы «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы көпшілікке кеңінен жарияланбай тұрып-ақ Сібір облыстық қозғалысының жетекшілеріне таныстырылғанынан да байқалады. Атап айтқанда, Г.Н. Потанин бағдарлама жобасын қолдаған. Кейін ол Ә.Н. Бөкейхан мен Ә.Ә. Ермековтің съез төралқасының құрамына сайлануына ықпал етіп, «қырғыз [яғни қазақ] бағдарламасының негізгі мазмұны ұлттық өзін-өзі анықтау мәселесіне келіп тірелді» деп атап көрсеткен (Сыдыков, Малышева 2010: 47).

Архив деректеріне сәйкес, съез жұмысына барлығы 182 адам қатысқан. Олардың ішінде 10 адам қазақ ұлтының өкілдері болған: А.А. Айтленев, Ә.Н. Бөкейхан, Х.А. Ғаббасов, С.Ш. Жылқылдеков, С.Д. Дощанов, Ә.Ә. Ермеков, Е.И. Итбаев, Р.М. Мәрсеков, А.Д. Сейітов, И.-Г. Т. Тұрмұхамедов. Олардың көпшілігі, яғни төрт делегат: А. Айтленев, Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков және Р. Мәрсековтер партиялық тиесілігі жөнінде өздерін партияда жоқ деп көрсеткен немесе бұл мәліметті мүлде көрсетпеген. А. Айтленев саяси ұстанымы ретінде «бірлік» бағытын атаған. Үш қатысушы: С. Жылқылдеков, С. Дощанов және И. Тұрмұхамедов өздерін эсерлерге (С.Р.) жатқызған. Тағы екі қатысушы: А. Сейітов пен Е. Итбаев өздерін «Алаш» партиясының мүшелері ретінде көрсеткен. Ал Ә. Бөкейхан партиялық тиесілігін кадет деп белгілеген[1].

Съездің алғашқы күні, яғни 8 қазанда-ақ өңірлерді ұйымдастыру және өзара ынтымақтастық орнату мәселелері көтерілді. Осы тұрғыдан Томск делегаты Е.В. Захаровтың сөзін атап өтуге болады. Оның пікірінше, шақырылған съезді губерниялар мен облыстар атынан Сібір мүддесін білдіретін өкілдік орган деп атауға болатын еді. Ол қазақтар туралы да оң пікір білдірген: «...қырғыз халқы ұйымшыл, өз бетінше әрекет етуге әрі жасампаздыққа қабілетті халық... Барнаул қырғыздары (құжат мәтінінде осылай берілген) мен Семей облысының, сондай-ақ Ақмола облысы қырғыздарының өкілдері бізге өздерінің айқын жолды, яғни мәселелерді өзара талқылау жолын көріп отырғанын білдірді... Семей қырғыздарының бізге көрсеткен зор қолдауы (олар 1000 рубль жіберді)... Жалпы Сібір съезіне шақырып, ұлттық мәселені барынша шиеленіссіз шешуге мүмкіндік беретін мәселелерді бірлескен күш-жігермен талқылау жөніндегі бастаманың айрықша табысты болғанын көрсетеді... Олардың өкілдерінің құттықтау сөзі біздің дұрыс жолға түскенімізді және бұл жол Сібірді мекендейтін халықтардың бейбіт әрі тату өмір сүруіне жеткізетінін аңғартады»[2].

1917 жылғы 9 қазанда съезде оқылған жеделхаттардың қатарында Қырғыз облыстық комитетінен келген хаттар да болды. Сол күні съез төралқасының құрамы сайланды. Қазақ өкілдерінен Семей облысы атынан Ә. Ермеков, ал ұлт өкілдері атынан Ә. Бөкейхан сайланды. Ә. Бөкейхан бастапқыда төралқа мүшелігіне кандидат ретінде ұсынылған болатын. Кейін ол төрағаның орынбасары болып сайланып, Ә. Ермеков төралқа мүшесі болды[3].

Съезде Сібір облыстық комитетінің құрамына да сайлау өткізілді. Қазақ өкілдерінен Ақмола облысы атынан Ә. Тұрлыбаев комитет мүшесі болып сайланды. Ал кандидаттар ретінде Томск губерниясынан Х. Ғаббасов, Торғай облысынан С. Дощанов пен А. Айтеленев ұсынылды. Сібір облыстық кеңесінің құрамына Ә. Бөкейхан мен М. Тынышпаев сайланды[4].

Съезд барысында Ә. Бөкейхан қаржы мәселелерін талқылауға және басшылық органдардың құрамына кандидаттар ұсынуға қатысты. Оның қатысуымен Сібір облыстық комитетінің құрамына Ә.Т. Тұрлыбаевтан бөлек, қазақ халқы атынан А.К. Қозбағаров, Х.А. Ғаббасов, С.Д. Дощанов және А.А. Айтленев кірді[5].

1917 жылғы 11 қазанда съезде Р. Мәрсеков сөз сөйлеп, Сібірдің автономиялық негізде құрылуы қажеттігін атап көрсетті. Ол болашақ Сібір Думасы Сібірді мекендейтін ұлттар мен тайпаларға кең көлемде өзін-өзі басқару құқығын беруі тиіс деген пікір білдірді. Р. Мәрсековтің айтуынша, егер Сібір, Түркістан және Ресейдің басқа да бөліктері «дербес құрылымға ие болса, онда осы құрамдас бөліктердің барлығын біріктіретін біртұтас

жалпы мемлекеттік билік қалыптасады және ол Ресей Республикасының жоғарғы билігі болады»[6].

1917 жылғы 12 қазанда сөз сөйлеген Ә. Бөкейхан 27 ақпанда төңкеріс болған кезде «...барлық ұсақ халықтарды құлдықта ұстап келген шынжырдың» ақыры үзілгеніне қуанғандарын және ұлттық өзін-өзі анықтау құқығына қол жеткіздік деп сенгендерін атап өтті. Ол бұл құқықты осы жиында да талап етіп отырғандарын және оған Сібірмен бірге қол жеткізуді қалайтындарын білдірді. Ә. Бөкейхан Сібір Федерациясының конституциясын әзірлеу жөніндегі секция жұмысына қатысып, Ресей Республикасын тек штаттар федерациясы түрінде елестететінін және мұндай құрылым ел халқының игілігіне қызмет етеді деп санағанын мәлімдеді. Өз халқының атынан ол азшылықтардың құқықтарын қамтамасыз ету, Сібірмен тең құқықтылық орнату және қазақ ұлттық федеративтік штаттарын құру жөніндегі ұсыныстар енгізді. Өз сөзінде Ә. Бөкейхан азаттықты дереу талап етпейтінін, оған орыс халқымен бірге қол жеткізуді және соғыс жағдайында ортақ іске атсалысуды көздейтінін аңғартты. Оның бұл ұстанымы съез қатысушылары тарапынан қол шапалақтаумен қарсы алынды[7].

1917 жылғы 13 қазанда съез төралқасы Сібірдің автономиялық құрылымы мәселесі бойынша Сібір қоғамдық ұйымдары конференциясының қаулыларын негізге алу жөніндегі мәселені дауысқа салды. Дауыс беруге 113 адам қатысты. Нәтижесінде 104 адам қолдап, 5 адам қарсы дауыс берді, 4 адам қалыс қалды[8].

Съездің маңызды қадамдарының бірі «Сібірдің облыстық құрылымы» атты қаулының қабылдануы болды. Қабылданған құжатта Ресей Республикасының біртұтастығы мойындалғанымен, сонымен қатар оның құрамындағы жекелеген аумақтарға ұлттық немесе аумақтық автономия беру талап етілді. Қаулыда Сібірдің автономия алуға толық құқығы бар екені атап көрсетіліп, оның шегарасы Оралдың шығысындағы аумақтарды, соның ішінде бүкіл қазақ өлкесін қамтуға тиіс деп белгіленді (Ламин, Шиловский 2012: 180-181).

Қазақ делегаттары қатысқан Сібір облыстық қозғалысы автономияшылдарының келесі форумы 1917 жылғы 7-15 желтоқсанда өткен Төтенше Жалпысібір облыстық съезі болды. Бұл жолы қазақ өкілдерінің саны небәрі төрт адаммен шектелді. Мұның басты себебі сол кезеңде Орынборда II Жалпықазақ съезінің қатар өтуі еді (1917 жылғы 5-13 желтоқсан). Архив құжаттарына сәйкес, съезге төрт қазақ делегаты қатысты: А.М. Байгурин, К.-Г. Сейдаллин, Ә.Т. Тұрлыбаев және И.-Г. Т. Тұрмұхамедов. Олардың үшеуі: К.М. Сейдалин, Ә.Т. Тұрлыбаев және И.Т. Тұрмұхамедовтер «Алаш» партиясына мүше болған. Ал А.М. Баймурат өзінің партиялық тиесілігін көрсетпеген.9 Өкінішке қарай, қор құжаттарындағы қазақтарға қатысты мәліметтер шектеулі.

Архив құжатының 2-ші ісінде съез төралқасының Орынборда өткен қазақ съезіне жолдаған құттықтау жеделхаттары сақталған[10]. 3-ші істе Ә.Ә. Ермеков пен Ә.Н. Бөкейханның II Жалпықазақ съезінің (1917 жылғы 5-13 желтоқсан) өтуіне байланысты өздерінің келе алмайтынын хабарлаған хаттары және олардың орнына жіберілген делегаттар туралы мәліметтер берілген[11].

Съезде «Сібірді уақытша басқару органдары туралы ереже» де қабылданды. Оған сәйкес, Уақытша Сібір облыстық думасы мен Сібір облыстық кеңесі Сібірдегі негізгі басқару органдары болып белгіленді. Соңғысының құрамына 16 адам сайлау жоспарланып, олардың қатарына Ә. Бөкейхан мен М. Тынышпаев та ұсынылды. Алайда бұл

тізім дауыс беру барысында қолдау таппады. Кеңес тек съездің соңғы мәжілісінде Г.Н. Потаниннің төрағалығымен сайланып, оның құрамына ұлттар атынан қазақ өкілі Ә. Ермеков енді (Ламин, Шиловский 2012: 181).

Талқылау

Алаш қозғалысына қатысушылар мен Сібір облыстық қозғалысы өкілдерінің ынтымақтастығы, соның ішінде қазақ делегаттарының Жалпы Сібір съездеріне қатысуы мәселесі бүгінгі күнге дейін өзекті тақырыптардың бірі болып отыр.

Бұл бағытта, ең алдымен, Д.А. Аманжолованың еңбектерін атап өткен жөн. Зерттеушінің көрсетуінше, Сібір үкіметі өз құрамындағы халықтарға ұлттық- мәдени автономия беруге келіскенімен, олардың аумақтық мемлекеттілігін мойындамаған. Осы мәселе, сондай-ақ дербес басқару өкілеттіктерінің шегіне қатысты қайшылықтар кейін екі үкімет арасындағы қатынастарда туындаған келіспеушіліктердің негізгі себептерінің біріне айналды. (Аманжолова 1994: 49-84). Д.А. Аманжолова кейінгі зерттеулерінде болашақ Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның 1895-1897 жылдары «Омский край» газетінде қызмет еткен кезеңнің өзінде Сібір халқымен байланыс орнатқанын және Ресей географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің мүшесі болғанын атап көрсетеді. Бұдан әрі автор Бірінші Жалпықазақ съезінің негізгі шешімдеріне қысқаша тоқталып, онда Ақпан революциясының нәтижелерін қолдау және «Ресей демократиялық федерациясы шеңберінде облыстық аумақтық-ұлттық автономия» құру туралы талаптар қойылғанын көрсетеді. Алайда жоғарыда аталған Бірінші Сібір облыстық съезінде Ә. Бөкейхан өз ұстанымын біршама жұмсартып, қазақтардың өзін-өзі анықтау құқығына Сібірмен бірге қол жеткізуге ұмтылатынын мәлімдеген. Бұл пікір съезд қатысушыларының және Сібір облыстық қозғалысының рухани жетекшісі Г.Н. Потаниннің қолдауына ие болды. Сонымен қатар зерттеуші «революцияға дейінгі кезеңнен бастап 1917-1918 жылдар бойы» қазақ ұлттық қозғалысының жетекшілері мен Сібір облыстық қозғалысы өкілдері арасында тығыз байланыс сақталғанын атап көрсетеді (Аманжолова 2009: 180-182).

Д.А. Аманжолова қазақ және Сібір автономияшыл қозғалыстары арасындағы өзара байланыс тарихын үш кезеңге бөліп қарастырады: 1) XX ғасырдың басынан 1917 жылға дейінгі кезең; 2) 1917 жылғы революция кезеңі; 3) Азамат соғысы кезеңі (1918 жыл). Бірінші кезеңде интеллектуалдық және ғылыми ынтымақтастық басым болды. Бұл уақытта екі қозғалыс саяси ұйымдар ретінде іс жүзінде өзара тікелей байланысқа түспегенімен, олардың болашақ белсенділері мен жетекшілері, негізінен, ғылым мен журналистика салаларында қарым-қатынас орнатты. Осы кезеңде олардың ұстанымдарында бірқатар ортақ белгілер болды. Атап айтқанда, олар земстволық басқаруды енгізуді жақтады. Кейін Уақытша үкімет земство жүйесін Сібірде, сондай-ақ Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай және Орал облыстарында енгізді. Сонымен қатар екі жақ та орталық биліктің саясатына сын көзбен қарап, өз мақсаттарына демократиялық жолмен жетуге ұмтылды. Екінші кезеңде екі қозғалыс та Ресей Республикасын федеративтік негізде қайта құруды, Сібірге автономия беруді және қазақ жерлерін оның құрамына енгізуді қолдады. Сонымен бірге жергілікті жерлерде билік жүргізуге ұмтылған ортақ басқару орталықтарын құру және аумақтық өзін-өзі басқаруды қалыптастыру мәселелері көтерілді. Алайда кейін тараптар арасында қайшылықтар байқала бастады. Сібір үкіметі Алаш-Орда

комитеттерін «ұлттық-аумақтық мемлекеттілік» органдары ретінде мойындаудан бас тартып, қазақтарға тек «ұлттық-мәдени автономия» берумен шектелді. Бұл ұстаным «Сібір ұлттарының мәдени автономиясының шегаралары туралы негізгі ережелер» атты құжатта көрініс тапты. Үшінші кезеңде өзара ықпалдастықтың үш негізгі бағыты айқындалды: 1) бір-бірін саяси тұрғыдан мойындау; 2) билік органдарының өкілеттіктерін айқындау; 3) әскер мен оның бөлімдерін ұйымдастыру мәселелері. Мақалада екі тараптың Уфа мәжілісіне қатысуы, мемлекеттік басқару және әскери құрылымдар қалыптастыру әрекеттері, сондай-ақ ақырында Директорияның құрылуына алып келген қайшылықтар жан-жақты қарастырылады (Аманжолова 2015: 5-18).

Зерттеу барысында талқылауға тартылған келесі еңбектердің қатарында И.В. Намның мақалалары бар. Зерттеуші өз еңбектерінде Сібір облыстық қозғалысы өкілдері мен Алаш қозғалысына қатысушылардың әртүрлі үлгідегі автономия құру және өзін-өзі басқару құқығына қол жеткізу мәселелері төңірегіндегі өзара қатынастарын жан-жақты қарастырады. Зерттеушінің көрсетуінше, 1917 жылға дейін Сібірдің өзінде «автономистер» және «централистер» деп аталған екі бағыт болған. Г.Н. Потанин бастаған автономистер Сібірге автономия беру және бүкіл аймаққа ортақ заң шығарушы орган: Сібір облыстық думасын құру қажеттігін жақтады. Олардың ұстанымы бойынша, жергілікті ұлт өкілдерінің барлық мекемелері осы Думаға бағынуға тиіс еді. Ал централистер ұлттық азшылықтардың «автономиялық заң шығарушы мекемелерге» ие болу құқығын мойындағанымен, «Жалпы Сібірлік заң шығарушы орган» құру идеясын қолдамады. Сібір облыстық қозғалысы өкілдерінен айырмашылығы, «Алаш» партиясы қазақ халқы үшін «ұлттық-аумақтық автономия», ал ұлттық азшылықтар үшін «мәдени-ұлттық автономия» беруді көздеді. Мақалада 1917-1918 жылдары Сібірде өткен съездерге де елеулі назар аударылады. Бұл жиындар Сібір облыстық қозғалысының жетекшілері мен жергілікті ұлттық азшылық өкілдеріне, соның ішінде қазақтарға да, автономия мәселесіне қатысты өз көзқарастарын және өзін-өзі басқару органдары жүйесін қалыптастырудың ықтимал үлгілерін талқылауға мүмкіндік берді (Нам 2004: 47-57).

И.В. Намның 2009 жылы жарық көрген «Сібір мен Қиыр Шығыстың ұлттық азшылықтары тарихи бетбұрыс кезеңінде (1917-1922)» атты монографиясы атауында көрсетілген кезеңдегі Сібір мен Қиыр Шығыс ұлттық азшылықтарының қызметін талдауға арналған. Еңбекте Сібірдегі ұлттық азшылықтардың ұлттық өзін-өзі басқару мен өзін-өзі ұйымдастыру нысандарын қалыптастыру жолдары, олардың өңірдің қоғамдық-саяси өміріне қатысу белсенділігі, мәдени-ұлттық (ұлттық-персоналдық) автономия құру әрекеттері, сондай-ақ бұл бастамаларға Сібір мен Ресейдің орталық билік органдарының көзқарасы қарастырылады. Автор Ресейдегі саяси партиялардың ұлттық-персоналдық автономия мәселесіне қатысты ұстанымдарын да зерттейді. Бұл мәселені өз бағдарламасына алғашқылардың бірі болып енгізген эсерлер еді және зерттеушінің пікірінше, олар бұл бағытта басқа партияларға қарағанда анағұрлым дайын болды. Автономия мәселесіне көзқарасына қарай автор партияларды екі бағытқа бөледі: кадеттер ұлттық-персоналдық автономияны аумақтық автономияға балама ретінде қарастырса, басқа партиялар оны ұлттық азшылықтардың мәселелерін шешудің барынша қолайлы жолы деп санаған. Сібір облыстық қозғалысы өкілдерінің бұл мәселеге көзқарасына келсек, олар ұлттық азшылықтардың автономиялық құқықтарын Сібірдің өзінің автономия алуымен сабақтастыра қарастырған. (Нам, 2009: 118-188).

Қазақ-сібір байланыстарының қалыптасу бастауларын зерттеу тұрғысынан С.В. Селиверстовтың еңбектері құнды деректер береді. Оның 2007 жылы жарық көрген мақаласында Г.Н. Потаниннің Сібірді Еуропа мен Азия халықтары өзара әлеуметтік-мәдени ықпалдастыққа түскен Еуразиялық кеңістік ретінде қарастырған идеялары талданады. Осы тұрғыдан алғанда, Г.Н. Потаниннің тұлғасы бірдей дәрежеде Сібірге де, бүкіл Дала өлкесіне де, Ресейге де, қазақ халқына да ортақ деп бағаланады. Зерттеуде Потаниннің кейін Алаш қозғалысының жетекшілеріне айналған қазақ зиялыларымен байланысы оның Қазақ өлкесіне жасаған экспедициялары кезінде басталғаны атап көрсетіледі. Сол сапарларының бірінде ол Ә. Ермековпен танысып, қазақ жерінде университет ашуды армандаған (Селиверстов 2007: 107-115). С.В. Селиверстов басқа бір мақаласында 1917 жылғы революциядан кейін қалыптасқан ұлттық автономиялардың өзара жақындасуы мен ықпалдасуының ықтимал жолдарын олардың жетекшілері: Сібірдегі Г.Н. Потаниннің, Алаштағы Ә.Н. Бөкейханның және Түркістан автономиясындағы М. Шоқайдың қызметі арқылы қарастырады. Олардың саяси ұстанымдарын салыстыра талдай отырып, зерттеуші Г.Н. Потанин мен Ә.Н. Бөкейхан «еуразиялық, сібір-қазақ аймақшылдығы» бағытын ұстанды деген тұжырымға келеді. Ал М. Шоқай оған балама ретінде «жалпытүркістандық (пантүркістандық)» бағыт идеясын жақтап, Алаш жетекшілерін осы бағытқа қосылуға шақырған (Селиверстов 2008; 162-171).

Сібір облыстық қозғалысының тарихын зерттеудегі беделді ғалымдардың бірі М.В. Шиловскийдің ұстанымына да тоқталған жөн. Ол В. Ламинмен бірлескен еңбегінде Сібір облыстық қозғалысы өкілдерінің қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерімен байланыстарының тарихын жан-жақты қарастырады. Бұл байланыстар Г.Н. Потаниннің Ш.Ш. Уәлихановпен қарым-қатынасынан басталып, кейін оның Алаш қайраткерлері Ә.Ә. Ермеков, Ә. Бөкейхан және басқа да тұлғалармен арадағы байланыстарына ұласады. Зерттеушілердің пікірінше, Сібір облыстық қозғалысы жетекшісінің жоғары беделі мен қазақ зиялыларымен қалыптасқан жеке қарым-қатынастары қазақ интеллектуалдарының саяси бағдарында Сібір бағытының маңызды орын алуына елеулі ықпал етті (Ламин, Шиловский, 2012: 176-183).

Қазақ зиялылары мен Сібір қайраткерлері арасындағы өзара байланыстардың маңызды қырлары В.И. Козодойдың Алаштың көрнекті қайраткері Ә. Бөкейханның өмірбаянына арналған кітабында қарастырылады. Автор қазақ қайраткерінің Сібірдегі қызметін талдау арқылы оның Императорлық Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөліміндегі жұмысына, Г.Н. Потанин, П. Вологодский және басқа да ғылыми әрі қоғамдық-саяси қайраткерлермен байланыс орнатуына назар аударады. Еңбекте Сібір автономиясы идеясының болашақ қазақ автономиясының құрылымы туралы көзқарастардың қалыптасуына ықпалы, қоныс аудару мәселесін шешу, мәдени өзін-өзі анықтау құқығы, ағарту ісін ұйымдастыру, қазақтардың Сібір съездеріне қатысуы, еуразиялық бағыттағы ұстанымдардың ортақтығы және басқа да мәселелер қарастырылған (Козодой 2021: 160-225).

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мынадай тұжырым жасауға болады. Сібір облыстық қозғалысы өкілдерінің съездеріне қатысу қазақ зиялыларының саяси

қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі болды. Съез құжаттары, әсіресе Қазан айында өткен Бірінші Сібір облыстық съезінің материалдары, қазақ делегаттарының әртүрлі саяси күштердің өкілдері болғанын көрсетеді. Сібірде өткен мәжілістерге қатысу барысында көптеген қазақ делегаттары ұлттық өзін-өзі анықтау құқығына қол жеткізу және болашақ мемлекеттік құрылыс жөніндегі өз идеяларын талқылап, саяси тұрғыдан сынақтан өткізуге мүмкіндік алды. Өз кезегінде Сібір съездерін ұйымдастырушылар қазақ зиялылары мен қазақ халқының қолдауын жоғары бағалап, қазақ делегаттарының Сібір автономиясының билік органдарына сайлануына оң көзқарас танытты. Осы жағдай кейін Сібір облыстық қозғалысы өкілдері мен қазақ зиялылары арасындағы өзара қатынастардың одан әрі дамуына негіз қалады.

Acknowledgements

The author expresses their gratitude for the scholarly and editorial support provided during the preparation of this article.

Алғыс білдіру

Автор мақалаға ғылыми-редакторлық қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді.

Благодарности

Автор благодарят за научно-редакторское сопровождение статьи.

Ескертпелер

1. Томск облысының мемлекеттік архиві (ТОМА). Бірінші Сібір облыстық съезі делегаттарының тізімі. Қ. Р-552, Т. 1, Іс. 1, П. 1-14.
2. ТОМА. Бірінші Сібір облыстық съезінің 1917 жылғы 8 қазандағы кешкі мәжілісінің стенограммасы. Қ. Р-552, Т. 1, Іс. 3, П. 12-23.
3. ТОМА. Жалпы Сібір облыстық съезінің 1917 жылғы 9 қазандағы мәжіліс хаттамасы. Қ. Р-552, Т. 1, Іс. 2, П. 100-102.
4. ТОМА. Губерниялар мен облыстардан Сібір облыстық комитетінің құрамына сайланған мүшелердің тізімі. Қ. Р-552, Т. 1, Іс. 2, П. 30-39.
5. ТОМА. Бірінші Сібір облыстық съезі. 1917 жылғы 17 қазандағы мәжіліс. Қ. Р-552, Т. 1, Іс. 2, П. 5-6.
6. ТОМА. Бірінші Сібір облыстық съезінің 1917 жылғы 11 қазандағы кешкі мәжілісінің стенограммасы. Қ. Р-552, Т. 1, Іс. 6, П. 69.
7. ТОМА. Бірінші Сібір облыстық съезінің 1917 жылғы 12 қазандағы кешкі мәжілісінің стенограммасы. Қ. Р-552, Т. 1, Іс. 7, П. 71-74.
8. ТОМА. Бірінші Сібір облыстық съезінің Сібірдің облыстық құрылымы мәселесі жөніндегі мәжіліс хаттамасы. Қ. Р-552, Т. 1, Іс. 2, П. 110 айн.
9. ТОМА. Төтенше Жалпы Сібір облыстық съезінің толық құқықты мүшелерінің тізімі. Қ. Р-578, Т. 1, Іс. 1, П. 7-139.
10. ТОМА. Жеделхат. Орынбор. Қырғыз (Қазақ) съезі. Қ. Р-578, Т. 1, Іс. 2, П. 36.
11. ТОМА. Орынбордан Томскіге жолданған жеделхат. Қ. Р-578, Т. 1, Іс. 3, П. 11-18.

Әдебиеттер тізімі

Аккулы С. *Алихан Букейхан. Завещание.* Том 2. Шымкент: «Азиат». 2016. 628 с.

Аккулы С. *Алихан Букейхан. Собиратель казахских земель*. Том 1. Астана: Общественный фонд «Алашорда». 2017. 636 с.

Аманжолова Д.А. *Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш.* Москва: ИЦ: «Россия молодая». 1994. 216 с.

Аманжолова Д.А. Из истории взаимодействия Временного Сибирского правительства и Алаш-Орды. Русская старина. *Russkaya starina.* 2015, Vol. (13), Is.1, pp.5-18

Аманжолова Д.А. Из истории соперничества партийно-политических проектов и идей в Степном крае (начало XX в.)*. Российские регионы: взгляд в будущее.* 2016. № 1 (6). С. 15-42

Байдалы Р.Ж., Кабульдинов З.Е., Айтмухамбетов А.А., Наурызбаева К.Е. Гражданско-правовая и общественная деятельность юриста А.Турлыбаева в Сибири в начале XX века*. Bylye gody.* 2017. Vol. 44, Is.2, pp. 597-607. DOI: 10.13187/bg.2017.2.597597-607.

Кудайбергенов К.Ч. (a) *Эпистолярные источники по истории движения «Алаш» (документы из фондов Государственного архива Томской области Российской Федерации о военной переписке и корреспонденции Автономии «Алаш»):* сб. док. Изд. 1-е. Алматы: Университет «Туран». 2018. 130 с.

Кудайбергенов К.Ч. (b) *Эпистолярные источники по истории движения «Алаш» (документы из фондов Государственного архива Томской области Российской Федерации):* сб. док. Изд. 2-е. Нур-Султан: УО «Колледж Туран». 2019. 168 с.

Кабульдинов З.Е., Байдалы Р. *«Казахский Плевако» Айдархан Турлыбаев.* портал Qazaqstan Tarihy. (Дата публикации: 03.06. 2017). URL: https://e-history.kz/ru/publications/view/3199 (Дата обращения: 01.07. 2019).

Ламин В., Шиловский М. Сибирские автономисты (областники) и деятели Алаш-Орды. В: *Алаштаным. Ғылыми мақалар жинағы.* 1 том. Семей. 2012. С. 176-183

Нам И.В. Национальный вопрос в программных установках сибирских областников, законотворческой и политической практике сибирской областной думы (1917-январь 1918 г.). *Вестник Томского государственного университета.* 2004. № 281. С. 47-57.

Нам И.В. *Национальные меньшинства Сибири и Дальнего Востока на историческом переломе* (1917-1922 гг.). Томск. 2009. 500 с.

Сыдыков Е.Б., Малышева М.П. *Сибирь и Казахстан (Национально-территориальное размежевание Сибири и Казахстана. 1919-1922).* Семей. 2010. 390 с.

Письма Г.Н. Потанина. Том 1. Сост. А. Г. Грумм- Гржимайло, С.Ф. Коваль, Я.Р. Кошелев, Н.Н. Яновский. 2-е изд., перераб., доп. Иркутск: издательство Иркутского университета. 1987. 280 с.

Потанин Г.Н. *Письма Г.Н. Потанина.* Том 4. Иркутск: издательство Иркутского университета. 1990. 429 с.

Селиверстов С.В. Г.Н. Потанин: сибирское областничество между западничеством и евразийством (вторая половина XIX – начале XX в.). *Вестник Томского государственного университета.* 2007. № 300 (I) июль, 2007. С.107-115.

Селиверстов С.В. Пути интеграции в Евразийском регионе в 1917 г.: Г.Н. Потанин, А. Букейханов, М. Чокай. *В: Азиатская Россия во второй половине XIX – начале XX в.: проблемы региональной истории: сборник науч. статей / под ред. Ю.А. Сорокина.* Омск. 2008. С. 162-171.

References

Akkuly S. *Alikhan Bukeikhan. Zaveshchanie.* Vol. 2. Shymkent: "Aziat". 2016. 628 p. (In Russian)

Akkuly S*. Alikhan Bukeikhan. Sobiratel kazakhskikh zemel.* Vol. 1. Astana: "Alashorda" Public Foundation. 2017. 636 p. (In Russian)

Amanzholova D.A. *Kazakhskii avtonomizm i Rossiia. Istoriia dvizheniia Alash.* Moscow: "Rossiya Molodaya" Information Center. 1994. 216 p. (In Russian)

Amanzholova D.A. Iz istorii vzaimodeistviia Vremennogo Sibirskogo pravitelstva i Alash-Ordy. From the History of Interaction between the Provisional Siberian Government and Alash-Orda. *Russkaya Starina.* 2015. Vol. 13, Issue 1, pp. 5-18. (In Russian)

Amanzholova D.A. Iz istorii sopernichestva partiino-politicheskikh proektov i idei v Stepnom krae (nachalo XX v.). *Russian Regions: A Look into the Future.* No. 1 (6). 2016. Pp. 15-42. (In Russian)

Baidaly R.Zh., Kabuldinov Z.E., Aitmukhambetov A.A., Nauryzbayeva K.E. Civil-Legal and Public Activities of the Lawyer A. Turlybayev in Siberia in the Early 20th Centur*y. Bylye Gody*. 2017. Vol. 44, Issue 2, pp. 597-607. DOI: 10.13187/bg.2017.2.597. (In Russian)

Kudaibergenov K.Ch. (a) *Epistoliarnye istochniki po istorii dvizheniia «Alash» (dokumenty iz fondov Gosudarstvennogo arkhiva Tomskoi oblasti Rossiiskoi Federatsii o voennoi perepiske i korrespondentsii Avtonomii «Alash»): Collection of Documents.* 1st ed. Almaty: Turan University. 2018. 130 p. (In Russian)

Kudaibergenov K.Ch. *(b) E*pistoliarnye istochniki po istorii dvizheniia «Alash» (dokumenty iz fondov Gosudarstvennogo arkhiva Tomskoi oblasti Rossiiskoi Federatsii o voennoi perepiske i korrespondentsii Avtonomii «Alash»): *Collection of Documents.* 2nd ed. Nur-Sultan: Turan College. 2019. 168 p. (In Russian)

Kabuldinov Z.E., Baidaly R. "Kazakhskii Plevako" Aidarkhan Turlybaev. *Qazaqstan Tarihy Portal*. (Publication date: June 3, 2017). URL: https://e-history.kz/ru/publications/view/3199 (Accessed: July 1, 2019). (In Russian)

Lamin V., Shilovsky M. Siberian Autonomists (Regionalists) and Figures of the Alash-Orda. In: "*Alash-tanym": Collection of Scientific Articles*. Vol. 1. Semey. 2012. Pp. 176-183. (In Russian)

Nam I.V. Natsionalnyi vopros v programmnykh ustanovkakh sibirskikh oblastnikov, zakonotvorcheskoi i politicheskoi praktike sibirskoi oblastnoi dumy (1917-ianvar 1918 g.). T*omsk State University Journal*. 2004. No. 281. Pp. 47-57. (In Russian)

Nam I.V. *Natsionalnye menshinstva Sibiri i Dalnego Vostoka na istoricheskom perelome (19171922 gg.)*. Tomsk. 2009. 500 p. (In Russian)

Sydykov E.B., Malysheva M.P. *Sibir i Kazakhstan (Natsionalno-territorialnoe razmezhevanie Sibiri i Kazakhstana. 1919-1922).* Semey. 2010. 390 p. (In Russian)

Pisma G.N. Potanina. Vol. 1. Compiled by A.G. Grumm-Grzhimailo, S.F. Koval, Ya.R. Koshelev, N.N. Yanovsky. 2nd ed., revised and expanded. Irkutsk: Irkutsk University Press. 1987. 280 p. (In Russian)

Potanin G.N. *Pisma G.N. Potanina.* Vol. 4. Irkutsk: Irkutsk University Press. 1990. 429 p. (In Russian)

Seliverstov S.V. *G.N.* Potanin: Siberian Regionalism Between Westernism and Eurasianism (Second Half of the 19th – Early 20th Centurie*s). Tomsk State University Journal.* 2007. No. 300 (I), July 2007. Pp. 107115. (In Russian)

Seliverstov S.V. *Paths of Integration in the Eurasian Region in 1917: G.N. Potanin, A. Bukeikhanov, M. Chokay. In: Aziatskaia Rossiia vo vtoroi polovine XIX – nachale XX v.: problemy regionalnoi istorii: Collection of Scientific Articles, edited by Yu.A. Sorokin*. Omsk. 2008. Pp. 162-171.

Information about the author

Kuanysh G. Akanov – PhD, academic secretary at the Republican State Enterprise on the Right of Economic Management "Research Institute for Jochi Ulus Studies" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 15B Aleksandr Pushkin Street, 010000, Astana, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-5169-1388, gazizuly85@mail.ru

Автор туралы мәлімет

Қуаныш Ғазизұлы Ақанов – PhD, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК ғылыми хатшысы, А. Пушкин көшесі, 15Б, 010000, Астана, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0002-5169-1388, gazizuly85@mail.ru

Сведения об авторах

Куаныш Газизович Аканов – ученый секретарь РГП на ПХВ «Научный институт изучения Улуса Джучи» КН МНВО РК, Александра Пушкина, 15Б, 010000, Астана, Казахстан, Научный институт изучения Улуса Джучи, ул. Туркестан, 2, Астана, Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-5169-1388, gazizuly85@mail.ru

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / ***Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.*** Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. ***/ Раскрытие информации о конфликте интересов.*** Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье.
Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 11.05.2026
Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 11.08.2026.
Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 30.09.2026